


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

10. Древнетюркский словарь / Ред. Наделяев В. М., Насилов Д. М., Тенишев Э. Р., Щербак А. М., Боровкова Т. А., Дмитриева Л. В., Зырин А. А., Кормушин И. В., Летягина Н. И., Тугушева Л. Ю. Л., 1969. – 715 б.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст. Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. және т.б. – Қ – М. Алматы, 2011. – 752 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст. Жаңабекова А., Жанұзақ Т., Әбілқасымов Б. және т.б. –Ү – Я. Алматы, 2011. – 828 б.
13. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966. – 240 б.
14. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964. – 200 б.
15. Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. т. II. 2-е изд., М., 1959. – 2508 б.
16. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы, 2005. – 1288 б.
17. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С» / Авт. сл. статей Благова Г. Ф., Левитская Л. С., Дыбо А. В., Насилов Д. М., Поцелуевский Е. А. – М., 2003. – 474 б.
18. Шагдаров Л. Д., Черемисов К. М. Бурятско-русский словарь. Т. 2: О-Я. Улан-Удэ, 2008. – 708 б.

А. Амирова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

3-курс докторанты

Қазақстан, Астана қ.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ «ОТАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

Аннотация. В статье анализируется семантическая классификация концепта «Родина» в казахской и английской паремии. Изучаются языковые единицы, составляющие концепт "Родина". Сопоставительный характер характеризует семантико-содержательный тон концепта «Отан» в пословицах и поговорках на казахском и английском языках.

Ключевые слова: паремнология, паремия, семантическое поле, концепция Родины, концептосфера.

Annotation. The article analyzes the semantic classification of the concept of "Homeland" in Kazakh and English paremia. The linguistic units that make up the concept of "Homeland" are being studied. The comparative character characterizes the semantic and meaningful tone of the concept of "Otan" in proverbs and sayings in Kazakh and English.

Keywords: paremiology, paremia, semantic field, concept of Homeland, conceptosphere.

Ұлттық тілдің концептосферасын әр түрлі концептілер құрайды, солардың ішінде әмбебап концептілер үлкен орын алады. Әмбебап концептілердің бірі – «мемлекет» концептісі. «Мемлекет» концептісін «Отан» – «Ана» – «Жер» триадасынан тұратын субконцептілер құрайды. Өзінің әмбебап сипаты мен жалпыадамзаттық құндылыққа жататынына қарамастан «мемлекет» концептісі ұлттық сипатқа, нақышқа ие. Мемлекет, Отан, туған жер ұғымдары бірқатар лингвистердің, әлеуметтану, философ ғалымдарының зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Бұл туралы салыстырмалы, салғастырмалы талдаулар жасалған. Мысалы, «Отан» концептісінің екі тілдегі репрезентациясын зерделеу арқылы зерттеуге алынған тілдердегі әлем бейнесінің кейбір ерекшеліктерін анықтауға болады. Сол арқылы мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік туады. Концептілердің ұлттық спецификалық сипатын анықтаудың тиімді тәсілі – паремиялар негізінде салғастыра талдау жасау. Паремияларда ұлт мәдениеті, дәстүрі, құндылықтары айқын көрініс табады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Отан» концептісі туралы мақал-мәтелдер қоры – өте бай. Олардың барлығы ұлттық діл, мәдениет, дүниетаным құндылықтар жүйесін бейнелейді. Сондықтан «Отан» концептісінің танымдық сипатын анықтау үшін мақал-мәтелдерді тілдік материал ретінде пайдалану көп нәтиже береді.

Кез келген концептінің бойында ұлттық бояу болады. Өйткені концептінің өзі ұлттық ақпараттар мен ұлт өкілдерінің көзқарастары негізінде қалыптасады. Концепт жағымды, оң бағалауға құрылады. Себебі ұғымның концептілік жүйеге айналуы үшін халықтық ойлау жүйесінде маңызды, құнды, бағалы болуы шарт. Кез келген халық өзі қасиетті деп тапқан

ұғымдарын ғана концептіге айналдырады. Сол себепті бір ұлттың ойлау жүйесінде концептілік сипатқа ие ұғымдар екінші бір халық үшін ешқандай түсінік бермеуі мүмкін. Өйткені сол халық өкілдері өздерінің өмір сүруі барысында келесі бір ұлт үшін концептілік деңгейдегі ұғымдармен таныс болмауы мүмкін және аталған заттар мен құбылыстар тұрмыс-тіршілігінде кездеспеуі, қолданбауы мүмкін. Сондықтан концептінің ұлттық, халықтық сипаты басым. Десе де жалпы адамзат үшін ортақ концептілер де болады. Мұндай концептілерді белгілі бір ұлт үшін маңызы қандай екенін тілде қалыптасқан тілдік бірліктер мен сөз қолданыстары арқылы ажыратамыз. Жалпы азаматқа ортақ концептілер әлемнің тілдік бейнесіне сәйкес ұлттық құндылықтар мен мәдени ерекшеліктерге негізделі отырып түрліше сипатта өріледі. Концептілердің нақты санын айту мүмкін емес. Себебі концептілер жүйесі динамикалық сипатқа ие. Кейбір концептілер өзінің қолданысынан айырылып, концепт дәрежесінен төмендеуі, ал керісінше жаңа концептілердің пайда болуы мүмкін. Д. Лихачев белгілі бір ұлттың танымдық жүйесінде концептілердің көп шоғырлануы халықтың өмір тәжірибесінің, ұлттық, мәдени құндылықтарының бай, мол болуымен байланыстырады [1, 20].

Мақал-мәтелдер – әлемнің тілдік бейнесін және халықтың мәдени-тарихи ерекшеліктерін зерттеуде құнды тілдік материал. Отан – әр халық танымында маңызды орын алатын концепті. Алайда әрбір халық, ұлт бұл ұғымды өзінше қабылдайды, ұлттық дүниетанымына байланысты бейнелейді. Сондықтан бұл ұғымның мақал-мәтелдерде бейнеленуі, мағына тереңдігі, әр этноста әр түрлі. «Отан» концептісіне қатысты паремияларда елдің тарихи даму кезеңдері көрініс табады. Мұндай ерекшеліктер қазақ мақал-мәтелдерінде де, ағылшын мақал-мәтелдерінде де кездеседі. Мақал-мәтелдерді этнос өмірі мен мәдениетінің құрамдас бөлшегі деп қарауымыз керек. Ғалым В.А. Маслова: «Тіл мәдениетпен тығыз байланысты. Ол мәдениет арқылы өркендейді және оны бейнелейді», - дейді [2, 9]. Яғни тілімізде сонау ғасырдан сақталып қалған мақал-мәтелдер тіл арқылы туындайды, дамиды әрі сол тілді бейнелейді. Мақал-мәтелдердің халықтың басынан кешкен тарихынан, күнделікті салтынан хабар беретін ақпараттық қасиеті бар. Бүгінгі таңда тілге «ақпаратты сақтаушы» деп қарау қалыптасқандықтан, мақал-мәтелдерді де сол ақпаратты сақтаушы тілдік модель, тілдік форма деп тануымыз керек. В.А.Маслова өз ойын ары қарай сабақтастыра отырып: «Мәдениет белгілі бір халыққа тән өмір салты мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б.) және өмірді түсіну мен түйсінудің тәсілі» деген пікір келтіреді [2, 16]. Демек мәдениетті «тәсіл» деп алсақ, тілде сақталған тілдік бірліктер (мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, т.б.) сол «тәсілдің» жүзеге асу жолы деп түсінуіміз керек. Адам – мәдениеттің жасаушысы және қолданушысы. Біз мәдениет ретінде әлеуметтік ұжымның тәжірибесінде, танымында, санасында қазықталған тәжірибелік және интеллектуалдық іс-әрекеттің жиынын түсінеміз. Лингвомәдениеттанудағы зерттеудің бір арнасы – халықтың паремиологиялық қоры. Өйткені мақал-мәтелдердің көп бөлігі халық санасындағы стереотиптерден тұрады. Тіл бір шетінен мәдениеттің өнімі және оның маңызды құрамдас бөлшегі, мәдениеттің өмір сүруінің шарты болса, екіншіден, тіл – мәдениеттің өмір сүруінің тәсілі әрі мәдени кілттердің құрылу формасы [3, 62]. Мәдениет пен тілді, тіл мен этносты бір-бірінен бөлек ажыратып қарай алаймыз. Бұл тұста тіліміздегі мақал-мәтелдер де мәдениет пен ұлттық ділдің бір құрамдас бөлшегіне айналып, біте қайнасып кетеді. Демек біз мақал-мәтелдерді құрылымдық, тақырыптық жағынан ғана зерттемей оны тіл білімінің жаңа бағыттарымен: этнолингвистикамен, когнитивті лингвистикамен, лингвомәдениеттанумен, прагматикамен бірлікте қарастыруымыз керек. Кез келген тіл – белгілі бір қоғамдық ортаның ұзақ жылдары бойы қалыптастырған өнімі, ол бірден түзіле қоймайды. Қоғамдық қатынастардың нәтижесінде дамып, кеңейіп не бірде тарылып отырады. Тілге динамикалық қозғалыс тән. Сондықтан тілде кездесетін мақал-мәтелдердің табиғатын толық зерттей отырып халық өмірінің бірнеше кезеңдік тарихынан ақпарат алуымызға болады.

Тіл – мәдениеттің бейнесі, оны бейнелеу құралы. Қазақ және ағылшын тілдерінде «Отан» концептісінің ассоциативті семантикалық өрісі – кең. «Отан» лексемасының анықтамаларын талдау үшін түсіндірмелі сөздік, синонимдер және антонимдер сөздігі қолданылды. «Отан» сөзіне Қазақ тілінің түсіндірме сөзінде: «Отан – туған ел, өскен жер, сүйікті мемлекет, атамекен,

ата жұрт, адамның кіндік қаны тамған жер, адамның өзі туған жері», - деген анықтама келтірілген [4,643]. Ал ағылшын тілінде «Motherland» ұғымына «One's native home country, particularly in emotional or patriotic sense. It is the land where a person was born, raised, or to which a person feels deep sense of belonging and attachment», - деп түсіндірме береді [5]. «Отан» концептісінің семантикалық өрісін мәндес, қарсы мәндес сөздері құрайды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салғастыра талдай отырып, олардың арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтадық. Соған сәйкес оларды бірнеше семантикалық топтарға бөлдік.

	Қазақ мақал-мәтелдері	Ағылшын мақал-мәтелдері
Отанға деген сүйіспеншілікті, махаббатты білдіретін мақал-мәтелдер	<i>Отан оттан да ыстық; Туған жердің елі де сүйікті, жері де көрікті; Отаны бірдің жүрегі бір, жүрегі бірдің тілегі бір; Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық; Отанды сүю отбасынан басталады; Туған жерің түсіңе кіреді; Ерінен айырылған өлгенше жылайды, елінен айырылған өлгенше жылайды, Туған жердің жуасы да тәтті. Ер елінде, гүл жерінде.</i> <i>Ел болам десең бесігіңді түзе; Ауылым – алтын бесігім, Ата қоныс – алтын мекен; Өз елің – алтын бесік; Өз елім – өлең төсегім; Туған жердің әр тасы – біздің алтын тағымыз; Ел іші – алтын бесік.</i>	<i>There is no place like home. (Өз үйіңдей жер болмас); Home is where your heart is. (Жүрегің жылу тартқан жер сенің туған жерің); East or West Home is best. (Шығыс болса да, Батыс болса да өз туған еліңдей болмас); Love for the land runs deep in the heart. (Отанға деген махаббатың жүрегіңде терең сақталады); A nation's greatness is measured by how it treats its native land. (Ұлттың ұлылығы оның Отанға деген қарым-қатынасынан білінеді); The roots of a tree may lie in a foreign soil, but its leaves still yearn for home. (Ағаштың тамыры шет жерде терең жайылса да, оның жапырақтары туған елін сағынады); To love one's country is to love one's own soul. (Туған елді сүю өз жанын жақсы көрумен бірдей); The love of a country is love for the land that nurtures us. (Туған жерді сүю бұл бізге қорек беремін жерді сүйемен тең); The heart beats with a rhythm of the motherland. (Жүрегім Отан деп соғады); A patriot's love for his country is like mother's love for her child. (Нағыз патриоттың туған еліне махаббаты ананың балаға деген махаббатына тең)</i>
Отанды қорғау, жанкештілік, батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер	<i>Отан үшін отқа түс, күймейсің; Елім деген еш кетпес; Отан үшін күрес, ерге түскен үлес; Орағың өткір болса, жауың алмайды; Елінен безген ер болмас, көлінен безген қаз болмас; Егілмеген жер жетім, елінен айырылған ер жетім; Ел басына күн туса, ер шығады майданға, артында аты қалғандай іс қылады майданда; Туған жерге туың тік; Елің еміренсе, сен де тебірен; Ел дәулетті болса, ер сәулетті; Көл саладан, Сай жырадан; Ел – жас ұланнан құралады.</i>	<i>Home is worth defending even if it means facing the storm. (Дауылға қарсы күрессең де, туған еліңді қорғау міндем); The patriot's blood is shed for the defense of his native soil. (Патриоттың қаны туған жерін қорғағанда төгіледі); One who defence his homeland is true guardian of his people to protect his motherland is to safeguard the legacy of generations. (Туған жерін қорғаған адам өз еліңің нағыз қорғанышы, туған жерді қорғау ұрпақтардың мұрасын қорғаумен тең); Defend your land with all your might, for it's the wellspring of your identity. (Туған жеріңді қорғауға бар күшіңді сал, себебі бұл сенің даралығыңның негізі); The true measure of a person's courage is their willingness to defend their homeland. (Адамның шынайы ерлігі оның туған жерін қорғауға дайын болуында); In defence of the motherland, every heart becomes its fortress. (Өз елін қорғауда батырдың жүрегі қорған болып шығады); The strength of a nation lies in the determination of its people to defend their homeland. (Ұлттың мықтылығы - өз Отанын қорғауға әзір болуында); To betray one's homeland is to forsake one's own soul. (Отаныңа опасыздық жасау - өз жаныңды сатқанмен бірдей);</i>


		<i>Defending the motherland is not merely a duty, but a sacred obligation. (Отанды қорғау тек міндет емес, қасиетті парызың).</i>
Туған жердің маңызын айқындау және өзге елмен салыстыру	<i>Пәлен жерде алтын бар, өз еліңдей қайда бар; Ел елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы; Әркімнің өз жері жұмақ; Пәлен жерде алтын бар, іздеп барсаң мыс та жоқ; Туған елдің қадірін шетте жүрсең білерсің; Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол; Туған жердің ауасы да шипа; Ұл тарақтай болса да, ата қонысы жер қымбат; Ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат; Бөтен елдің гүлінен туған жердің тікені артық; Өз елімнің басы болмасам да сайының тасы болайын; Туған елдің түтіні де күйесіз; Басқа жердің отынынан туған елдің түтіні артық.</i>	<i>The grass is always greener on the other side. (Туған жеріңнің шөбі бәрінен де жасыл) One may wander far, but the heart remains tethered to the motherland. (Адам қайда барса да жүрегі туған жерін аңсайды); In the motherland the roots run deep, in foreign lands they seek new soil. (Өз туған еліңде тамыр терең жайылады, бөгде елде өз орныңдң таба алмай әуре боласың); No matter how far you roam, the call of the motherland echoes in the soul. (Алысқа ұзап кетсең де жүрегің туған жерді сағынады); Foreign land may offer riches, but the heart treasures the simplicity of the motherland. (Бөтен елдің байлықтан гәрі жүрегің туған еліңдегі қарапайымдылықты аңсайды); The scent of the motherland lingers in the memory, even amidst fragrances of distant lands (Шетелде жүрсең де туған жердің иісі жадында мәңгі аңқып тұрады); In the embrace of the motherland, one finds solace, in foreign lands adventure beckons (Шетелде шытырман оқиғаға тап болсаң, туған жердің құшағында бақыт табасың); The comfort of home may pale in comparison to the allure of foreign lands, but the heart finds the truest joy in the familiar embrace of the motherland (Туған жердің жайлылығы шетелдегі жарқыраған өмірмен салыстырғанда күңгірт болса да, жүрегің туған жердің жылулығын аңсайды).</i>

*1-кесте. Қазақ және ағылшын паремияларындағы
«Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі*


Жоғарыдағы кесте көрсетілгендей, қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердегі «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімінде ұқсастықтар бар. Формалық, мазмұндық жағынан дәлме-дәл сәйкес келмесе де, құндылық жағынан бірігеді. Қазақ және ағылшын паремияларында «Отан» концептісін «махаббат», «сүйіспеншілік», «батырлық», «ерлік», «құндылық», «байлық» т.б. ұғымдар сипаттайды. Қазақ мақал-мәтелдерінде «ошақ», «пана», «бесік», «туған жер», «туған ел», «ауыл» т.б. тілдік бірліктері «Отан» концептісінің семантикалық өрісін құраса, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерде «Отан» концептісі «home», «land», «country», «nest» т.б. сөздері арқылы бейнеленеді. Қазақ тілінде Отанды анаға теңеу арқылы «Отан-Ана» айқындауыш мүшесі сөз қолданысы қалыптасса, ағылшын тілінде Отанды анаға теңеу «Motherland» сөзінің өн бойында.

Сонымен, қорытындылай келе, «Отан» концептісін бейнелейтін паремиялардың салғастырмалы талдауы бұл концептілердің әлемнің тілдік бейнесін танып-түсінуде үлкен рөл атқаратынын көрсетеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде «махаббат», «сүйіспеншілік», «қалтқысыз қызмет ету», «жауапкершілік» айқын көрініс табады. Отан – басты құндылық. Мағыналық ұйтқысы «Туған ел – алтын бесік» ұғымына сәйкес келеді.

1-сызба. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі
«Отан» концептісінің ассоциациясы.



2-сызба. Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі
«Отан» концептісінің ассоциациясы



Әдебиеттер

- 1 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изд. РАН – СпЯ.– 1993. – №2. – С. 3-9.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ.высш.учеб.заведений. – 4-е изд., стер. – Москва: Академия, 2010. – 208 с.
- 3 Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка. Когнитивные исследования/ Ин-т. языкознания РАН. – М: Знак, 2012. – №1. – 208 с.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
- 5 <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/power>
- 6 Ж. Малайсарин «Қазақ мақал - мәтелдері.-Алматы: «Ана тілі», 2011-184 б
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II том. жалпы ред.басқ. I. Кеңесбаев.- Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961 -535б.
- 8 Б.Қалиев Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы, 2014 -728 б.
- 9 «Қазақ мақал- мәтелдері». Құраст.және аударған М. Аққозин.-Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017-272б .
- 10 Қазақ және әлем тілдері мақал мәтелдері, құраст. Н.А. Ештаева, Б.М. Адамбаева, Б.А. Атабай.- Алматы: Сөздік -словарь,2019 -672 б.
- 11 ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРІ. Құрастырған Жамалхан Асықова. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. – 96 бет.
- 12 A Dictionary of English proverbs by Thomas Preston. - England, London, 1963
- 13 Oxford Dictionary of proverbs by Jennifer Speake. - Oxford England, 1970
- 14 The Book of positive Quotations” by J.Cook. -United States, 1993

А. Абилмажинова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан, Астана қ.*
abilmazhinova1983@mail.ru

МЕЙРАМ-ТОЙ АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (ОТАНДЫҚ, ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Аннотация. Статья посвящена изучению этнокультурных особенностей языковых единиц, связанных с названиями праздника-той. Изучается культура, самобытность, образ жизни, понимание и познание народа через их язык. В статье анализируются научные труды отечественных и зарубежных ученых и этнокультурный аспект праздников-той. Рассматривается связь праздника с лингвокультурологией, этнокультурологией как проявления в этнокультурном сознании казахского народа.

Ключевые слова: праздник, языковая картина мира, мироощущения, лингвокультурология, менталитет.

Abstract. The article is devoted to the study of ethnocultural features of linguistic units associated with the names of the holiday. The culture, identity, way of life, understanding and knowledge of the people through their language are studied. The article analyzes the scientific works of domestic and foreign scientists and the ethnocultural aspect of the